

«Байғонусова»
Аділ» бөбекжай-балалар
мектебінің тәрбиешісі
Байғонусова Зоя
2015 ж.

Педагогикалық кеңестің №2 хаттамасы

Тақырыбы: «Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда инновациялық тәсілдер»

Әдіскер: Құлқаева Е.П.

2025-2026 оқу жылы

№2 Педагогикалық кеңестің Тақырыбы: «Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда инновациялық тәсілдер»

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған инновациялық әдіс-тәсілдерді анықтау, тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және тәжірибе алмасу.

Өткізілген күні: 21.11.2025 ж.

Уақыты: 13:30

Өткізілген орны: музыка залы

Қатысқандар: Меңгеруші, тәрбиешілер, әдіскер.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуын талқылау

Баяндамашылар: Меңгеруші Байгонусова З.Я., әдіскер Құлқаева Е.П.

Мазмұны: Алдыңғы кеңесте бекітілген тапсырмалардың орындалу барысы тыңдалып, жиналған материалдар мен есептер қарастырылды.

2. «Балалармен шығармашылық ойындарды ұйымдастырудың жаңа формалары» (презентация)

Баяндамашы: Тәрбиеші Валиулина Ф.Ж

Шығармашылық — баланың айналаны жаңаша қабылдап, өздігінен шешім таба білу қабілеті. Ол тек сурет салу немесе өлең шығару ғана емес; шығармашылық — ойлау еркіндігі, қиялдың ұшқырлығы, жаңа идея ұсыну, басқаша жол іздеу. Мұндай қабілет балаға тек өнер саласында ғана емес, кез келген өмірлік жағдайда бағыт тауып, қиындықты икемді түрде шешуге көмектеседі. Шығармашылық қасиеттер ерте жастан қалыптаспаса, кейін дамыту әлдеқайда күрделене түседі. Себебі мектепке дейінгі шақта бала қоршаған ортаны еркін зерттеп, қателесуден қорықпай, өз ойын жасырмай айтуға бейім келеді. Дәл осы табиғи еркіндік дұрыс бағыт алған кезде болашақ шығармашылық әлеуеттің негізі қаланады. Мектепке дейінгі кезең — шығармашылық қабілеттерді табиғи жолмен ашуға ең қолайлы шақ. Балабақшадағы дамытушы орта, ойын мен зерттеу элементтері, тәрбиешінің қолдаушы көзқарасы баланың өзіндік көзқарасын қалыптастырып, бастама көтеруге жетелейді.

Мазмұны:

– Шығармашылық ойындардың түрлері, оларды ұйымдастырудың жаңашыл формалары таныстырылды.

– Қозғалыс, сюжет-рольдік, драматизация және зерттеушілік ойындардың балаларға әсері талқыланды.

3. «Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыруда жобалау және ойын технологияларын қолдану» (тәжірибе алмасу)

Қатысушылар: барлық тәрбиешілер

Мазмұны: Заманауи инновациялық әдістердің бірі ол – құм терапиясы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында құм терапиясының балаларды шаршатпай, жалықтырмай, жан - жақты дамуына тигізер үлесі өте зор болды. Бұл үшін педагогтар - құмға арналған жәшіктер, шағын фигуралар «коллекциясын» қолданды. Бір сөзбен айтқанда, қоршаған әлемде кездесетін заттың бәрі «коллекцияда» лайықты орынға ие бола алды.

Тәрбиешінің басты міндеті - бала өзі жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық ортасын қалыптастыру болды. Құм терапиясы арқылы – тәрбиеші баланың танымдық және психикалық процестерін, кеңістіктік түсінікті, тактильді - кинестетикалық сезімділік пен зейіннің шоғырлануын, эмпатияның пайда болуын, қолдардың ұсақ моторикаларын дамытты.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
ІЛЕ АУДАНЫ
БАЙКЕНТ АУЫЛЫ
ЖК «Байгонусова З.Я.» «Al-Adil»
бөбекжай - балабақшасы



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ИЛИЙСКИЙ РАЙОН
СЕЛО БАЙКЕНТ
ИП «Байгонусова З.Я.»
Ясли-сад «Al-Adil»

№ 2 Педагогикалық кеңесте
қабылданды
«21» 11 2025 жыл

Бекітілді
БҰЙРЫҚ № 2

№2 Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

– Жауаптыларға бекітілген тапсырмалардың орындалуын тұрақты бақылауда ұстау жүктелсін.

– Орындалған жұмыстар бойынша жинақталған материалдар әдістемелік қорды толықтыру үшін пайдаланылсын.

Жауаптылар: меңгеруші Байгонусова З.Я., әдіскер Құлқаева Е.П.

2. Балалармен шығармашылық ойындарды ұйымдастырудың жаңа формаларын оқу-тәрбие процесінде кеңінен қолдану міндеттелсін.

– Сюжеттік-рөлдік, театрландырылған, құрастыру және дидактикалық ойындарды күнделікті іс-әрекетке енгізу қамтамасыз етілсін.

– Интерактивті құралдар мен көрнекіліктерді тиімді пайдалану ұсынылсын.

Жауапты: барлық педагогтар.

3. Педагогтар арасында тәжірибе алмасу мақсатында шығармашылық бағыттағы ашық іс-әрекеттер мен шеберлік сағаттары ұйымдастырылсын.

Жауапты: әдіскер.

5. Осы шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші Байгонусова З.Я.-ға жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы



Байгонусова З.Я.